

МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАЛАР АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Толкын ЖУМАШЕВА*
Эльмира АЙТЖАНОВА**
Раиса ИЗМАГАМБЕТОВА***

Аңдатпа: Әрбір халықтың өзінің бойында атадан балаға ұласып келе жатқан, күні бүгінге дейін маңызын жоймаған, күнделікті тыныс-тіршілікте қоғамның дамуында айқын көрініс беретін, тек сол ұлттың өзіне ғана тән ұлттық құндылықтары болады. Ұлттық құндылықтар – әрбір ұлттың болмысында ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан адамгершілік қағидаттары. Сондықтан бастауыш сынып оқушыларын ұлттық құндылықтарға баулу, ұлттық тәрбие беру үдерісін мобильді білім беру ортасын құру арқылы жүзеге асыру бүгінгі қоғам талабы болмақ. Қазіргі кезеңде мобильді құрылғылар, цифрлық технологиялар бастауыш сынып оқушыларының күнделікті өміріне кеңінен енуде. Осы аталған рухани құндылықты зерделей келе, мақала мобильді қосымшалар арқылы бастауыш сынып оқушыларын ұлттық құндылықтарға баулудың теориялық негіздері қарастырылған. Ұлттық құндылықты қалыптастыруда мобильді білім беру, мобильдік технологияны зертеген шетелдік және отандық ғалымдардың зерттеулеріне талдау жасау арқылы нақтыланған. Мақалада ҚР «Рухани жаңғыру» бағдарламасының ұлттық жаңғыру кезеңіне көшіруге арналған жол картасы мен қазақ елінің ұлттық идеясы «Мәңгілік ел» идеясы және «Қазақстан 2050» Стратегиясында баса көрсетілген «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасы басшылыққа алынды.

Кілт Сөздер: Мобильді Қосымша, Ұлттық Құндылық, Рухани Білім, Қалыптастыру

Formation of National Values of Primary School Students Through Mobile Applications

Abstract: Each nation has its own national values, which go from father to son, which have not lost their significance to this day, which are clearly reflected in the development of society in everyday life, inherent only to that nation. National values are moral principles that have been inherited from father to son for centuries in the essence of every nation. Therefore, the introduction of Primary School students to national values, the implementation of the national educational process through the creation of a mobile educational environment will be a requirement of today's society. At the present stage, mobile devices, digital technologies are widely entering the daily life of Primary School students. After studying this spiritual value, the article discusses the theoretical foundations of introducing primary school students to national values through mobile applications. Mobile education in the formation of national value is clarified by analyzing the research of foreign and domestic scientists who have studied mobile technologies. The article was guided by the roadmap for the transition of the program of the Republic of Kazakhstan "Rухани жаңғыру" to the period of national modernization, the National idea of the Kazakh people "Мәңгілік ел" and the National Project "Ұлттық рухани жаңғыру", which is emphasized in the strategy "Қазақстан 2050".

Key Words: Mobile Application, National Value, Spiritual Knowledge, Formation

Кіріспе

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында білім беру жүйесінде міндетті ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға, яғни кәсіби дамытуға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау жөнінде айтылған (Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы, 2007).

Ұлттық болмыс, оны дәріптеу отбасынан, ошаққасынан басталады. Отбасы – тәрбиенің тамаша мектебі. Үлкенді сыйлауға, ана тілін ардақтауға, салт-дәстүрімізді сақтауға тәрбиеленсек, ұшқанда да соны іліп, жүрген жерімізде сол құндылықтарды дәріптейміз. Әкесі мен баласы, қызы мен анасы, бозбала мен бойжеткен арасындағы жарасты қарым-қатынас отбасындағы ұлттық дәстүрді берік ұстанудың бір жолы. Халқымыз ұлын-нарға, қызын арға балап, татулықты абысындар арасынан тапқан,

* PhD, аға оқытушы, Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті, d.s.tolkyn@mail.ru

** п.ғ.м., аға оқытушы, Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті, aytzhanova.1971@gmail.com

*** PhD, постдокторант, Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті, izmagambetova1988@mail.ru

жігіттің бойынан елге қорған боларлық батырлық қасиетті іздеген. Осындай тәрбие арқылы құндылықтарды қалыптастырған.

Ұлттық кодымыздың, халықтық діліміздің ең басты белгісі – ана тілімізге үш тармақтан тұратын арнайы бір – 7 баптың көрсетілуі. Онда Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл – қазақ тілі екендігі, мемлекеттік ұйымдарда және өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылатындығы, сонда-ақ Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасалатыны ерекше ескерілген. Бұл жайт Ата заңнан туындайтын, соған негізделген «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» заңының тарауында 27 бапқа жіктеліп бекітілген («Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» заңы, 1997).

Рухани кодымыздың үлкен тармағы ұлттық мәдениетіміз. «Мәдениет туралы» еліміздің заңы 8 тарауындағы 40 бапта қарастырылған. Мұнда халқымыздың мәдени құндылықтары мен ұлттық мәдени игіліктері, мәдени мұралар мен оларды сақтау, салт-дәстүр, тарихи-мәдени маңызы бар өнер жәдікгерліктерін қорғау, қамқорлық жасау мәселелері жіліктеп берілген. Ата заңымыздың 37-бабында; «Қазақстан Республикасының азаматтары тарихи және мәдени мұралардың сақталуына қамқорлық жасауға, тарих пен мәдени мұралардың сақталуына қамқорлық жасауға, тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғауға міндетті», – деп ерекше ескерілген болатын. Осы орайда 38-баптағы Қазақстан азаматтарының табиғатты сақтауға және табиғат байлықтарына ұқыпты қарауға міндетті деген қағиданы да еліміз құндылықтарының қатарында ескерте кеткен орынды деп білеміз. Себебі, туған жер, оның әсем табиғаты, бүкіл – жер асты және жер үсті байлықтары халықтың баға жетпес игілігі, әрі құндылығы екенін еш уақытта ұмытпағанымыз жөн (ҚР «Мәдениет туралы» заңы, 2006).

Мемлекеттік және ұлттық құндылықтар ретінде баса айтылатын мәселе Атазаңның 9 бабында көрсетілген – еліміздің Мемлекеттік рәміздері – Ту, Елтаңба, Әнұран болуға керек. Олардың сипаттамасы және пайдалану тәртәбә Конституциялық заңмен белгіленген. Ал 34-баптағы екі тармақта әркім Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамадар құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге, әркім Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге міндетті екендігі қадап айтылған (ҚР Конституциясы, 1995).

Егеменді еліміздің білім беру жүйесінде әлемдік деңгейде өзіміздің ұлттық кодты таныту мақсатында Мобильді қосымшаларды қолдана отырып, бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылықтарын қалыптастыру ісіне ерекше мән берілуде. Ендеше, Мобильді қосымшалар арқылы бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылықтарын қалыптастырудың қоғамдық мәні зор.

Бүгінгі қоғамдық – әлеуметтік жағдайда рухани – идеологиялық қайшылықтар тұсында ұлттық құндылықтарын қалыптастыру басты назар аударатын жағдай.

Ш.Уәлиханов (1979), Ы.Алтынсарин (1989), А.Құнанбаев (1957), Ж.Аймауытов (1924), М.Дулатов (2001), А.Байтұрсынов (1992), М.Жұмабаев (1989), Б.Момышұлы (1990), А.Темірбеков (1998), Қ.Жарықбаев (1993), С.М. Жақыпов (2007), М.Мұқанов (1982), Ә.Алдамұратов (2001), Б.Ә.Әмірова (2012), А.Ерментаева (2012), Н.Қ.Тоқсанбаева (2015), М.Қ.Бапаева (2010) және т.б. зерттеулерінде әлемдік мәдениет жетістіктері мен жалпыадамзаттық құндылықтарға ұлттың негізін тарту жолы, мәдениеті мен ұлттық құндылықтарын танып білу мәселелері зерделеніп қарастырылған.

Қазіргі заманғы ақпараттық әлемде, кез келген уақытта байланыста жүру, қажетті ақпаратқа қол жеткізу, жалпы қоғамды ақпараттандыру үшін мобильдік құрылғылар арқылы мобильді қосымшаларды пайдалану мен оны дамыту өте маңызды.

Мобильді құрылғыларға арналған ақпараттық технологияларды дамыту белсенді түрде дамып келеді.

Мобильді қосымша - белгілі бір тұтынушылар тобына арналып құрастырылып, олардың қандай да бір мәселелері мен қиындығын шешуге бағытталған. Мобильді қосымша - нақты платформаға орнатылған, белгілі бір әрекеттерді шешуге болатын функционалдығы бар арнайы бағдарлама.

Мобильді қосымшаларды құрастырудың заманауи технологиясы дамып, кешенді түрде қолданып келе жатыр. Технологияның қарыштаған заманында күн сайын мыңдаған мобильді қосымшалар құрастырылып, Google Play және Apple App Stores-қа жарияланып, кең қолданысқа шығуда. Бұл мобильді қосымшалардың ең көп тарағандары әртүрлі ойындар мен қарым-қатынас жасауға арналған әлеуметтік желілер және көптеген электрондық коммерциялық қосымшаларды атауға болады. Барлық қосымшалар, егер кәсіби түрде құрастырылса, мобильді қосымшалар адам өміріндегі күнделікті іс-әрекетін жеңілдету үрдісіне пайдасы мол болмақ.

Жоғарыда қарастырылған ғылыми әдістемелік әдебиеттерге талдау жасай Мобильді қосымшалар мен ұлттық құндылық мәселелерін бірнеше ғалымдар қарастырғанымен нақты Мобильді қосымшалар арқылы бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылықтарын қалыптастыруға арналған тапсырмалар бойынша арнайы зерттеулердің жоқ екендігі айқындалды. Бастауыш сынып пәндерінен алдын-ала дайындалған критерийлер мен дескрипторлар бойынша жұмыс түрлерін жүрізу кезінде ұлттық құндылық тапсырмаларын, оның ішінде Мобильді қосымшаларға байланысты тапсырмалар үлгілерін табу біраз қиындықтар туғызды. Бұл өз кезегінде оқушылардың ұлттық құндылықты бойларына сіңіру, қалыптастыру қажеттілігі мен оны әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі арасындағы қарама-қайшылықтардың бар екендігін байқатты.

Ұлттың рухы халықтың өзіндік санасының бір бөлігі болып табылатын мыңдаған жылдық дәстүрге, құндылықтар мен мәдениетке, тілге сүйенеді. Осы тіл, дәстүрлі құндылықтар мен қайталанбас төл мәдениетіміз халыққа жүздеген жылдар бойы демеу болып, оны тарих жолында тарап кетуден сақтап қалды. Бұлар бүгінде де бізді өзгелерден айырып, ерекшелейді. Әрі қайталанбас бір тұтас руханиятымыздың іргетасы болып табылады. Сондықтан да мәдениетті, дәстүр мен тілді жаңғырту мен дамыту, ұлттық қадір-қасиетті нығайту - мемлекеттің ең маңызды міндеттерінің бірі, - деп нақты көрсетілген. Бұл өз кезегінде ұлттың келешегі бүгінгі мектеп оқушысы десек салт-дәстүр мен отансүйгіштікке, ұлттық құндылыққа тәрбиелеуді бастауыш сыныптан бастау керек, - деп санаймыз.

Бүгінгі таңда ғасырлар қойнауында жатқан ұлттық тәрбиенің озық әрі өнегелі дәстүрлерін, асыл қасиеттерін оқушылардың бойында қалыптастыру, этнопедагогика материалдарын ұтымды пайдалану - аса маңызды міндеттердің бірі. Этнопедагогиканың негізі болып табылатын халықтық педагогика құралдары болып табылатын ауыз әдебиеті үлгілерін болашақ ұрпақты патриоттыққа тәрбиелеуде тиімді пайдалану қажет,- деп есептейміз.

Қазақстан Республикасы ұлттық саясатының тұжырымдамасында: «...еліміздің тәуелсіздігі мен егемендігін, саяси және экономикалық дамуының тірегі болатын ұлттық құндылықтар мен ұлттық мұраттарды бойына сіңірген патриоттық рухтағы білімді жаңа ұрпақ тәрбиелеу, ғылымды жан-жақты дамыту. Ол үшін білім жүйесі жас азаматтардың қазақ тарихы мен мәдениетіне, мемлекеттік тіліне деген құрметін арттыруға Қазақстан Республикасына, оның мемлекеттік рәміздеріне, құндылықтарына деген сүйіспеншілік сезімдер мен отансүйгіштік қасиеттерді өсіруге бағыттау керек,- деп көрсетілген. Бұл өз кезегінде ұлтымыздың болашағы бүгінгі жас ұрпақтың бойында ұлттық құндылықты қалыптастыру қажеттігін көрсетеді, ал оны бастауыш сыныптан

өлкетану материалы негізінде бастау керектігі білім берудің бастауыш деңгейінің басты міндеттерінің бірі болып табылады.

Ұлттық құндылықтарды тану адамның іс-әрекетін белгілі бір деңгейде бағыттап, әлеуметтік тәртібін анықтайды. Бастауыш сынып оқушыларында ұлттық құндылық бағдар қалыптастырудың теориясын қарастыра отырып, оны тәжірибелік тұрғыдан нақты және дәйекті талдау мазмұн мен мәнді сақтап, ықшамдауды қажет етеді.

Ұлттық құндылық – нақты бір ұлт өкілдерінің құнды деп есептейтін дүниелері мен ең маңызды, бағалы қасиеттерінің жиынтығы. Ұлттық құндылықтар - әрбір халықтың, этностың мәдениетінің өзегі, жеке тұлғаның ішкі мәдениетінің іргетасы. Ұлттық құндылықтар әрбір этникалық қауымдастықтардың өзіндік тұрмысы, табиғаты, мәдениеті негізінде түзген құндылықтарының жүйесі.

Нақтылай түссек, *ұлттық құндылық* дегеніміз – халықтың ұлттық тілі, ұлттық мінез-құлқы, салт, дәстүрлері, ерекше адамгершілік қасиеттері, ауызша-жазбаша ұлағатты тәлім-тәрбиелік мәні бар даналық өсиеттері, ділі мен діні. «Қазақы ұғымдар, өсиеттер, баталар, ұлағатты ақыл-кеңестер-тәрбие үлгілері, бабалардың ұрпағына қалдырған өнегесі.

Ұлттық құндылық - тұлғаның ұлттық келбетін анықтайтын өзіндік санасы мен ұлттық құндылықтарға қатынасын көрсететін сенімі, көзқарасы, ұмтылыстары түріндегі ерекше тұлғалық құрылым. Ұлттық құндылықтардың әр ұлттың қоршаған табиғат ерекшеліктеріне сай өмір салты негізінде ғасырлар бойы жинақталған тұрмыстық және рухани мұрасы болумен қатар, адам болмысындағы, қарым-қатынасындағы адами құндылықтың ерекше бейнесі ретіндегі қажеттілігі артып отыр. Олай болса, құндылықтардың тұлға қалыптастырушылық әлеуетін тәрбиеде пайдалану құндылық бағдар қалыптастырудан басталуы қажет. Оқушылардың мектеп қабырғасын аттаған алғашқы күндерінен бастап ұлттық құндылықтардың мәні мен маңызын, оның қажеттілігін саналы ұғынып, сол меңгерген құндылықтарға сәйкес өз іс-әрекеттері мен мінез-құлқын реттеп отыруына көмектесу міндеті тұрады. Бұл міндетті шешудің алғышарттары кейінгі кезде дайындалған шетел және отандық ғалымдардың еңбектерінде қарастырылады. Ұлттық құндылықтарға ұлттың өзіндік ерекшелігі, ұлттық мәдениеттің өзгешелігі, ұлттық тілдің байлығы, ұлттық нақыш, ұлттық салт-дәстүрлер жатады.

Ыбырай Алтынсариннің ұлттық мәдениеттің тарихында алатын орны ерекше. Ыбырай Алтынсарин қазақ жастарын оқуға үндеумен қатар, адамгершілікке, махаббат, достыққа, еңбекке, жігерлілікке, тапқырлыққа, халқын сүюшілікке, қысқасын айтқанда, адам деген ардақты есімді ақтай алатын кісі болып шығуға үндеді және жастарға бала кезінен бастап дұрыс тәрбие бергенде ғана бұл міндеттерді іске асыруға болатындығын ол жақсы ұғынып, бар өмірін ұлттық мектеп ашуға, қазақ балаларына басқа ұлттармен терезесі тең болатындай білім беруге арнаған. Сондықтан Ыбырай Алтынсарин өзінің оқытушылық, жазушылық, аудармашылық жұмыстарын осы мақсатқа бағындырды. Оның әңгімелері мен өлең-жырлары қазақ жастарының рухани байлығы мен мәдениетін, адамгершілік санасы мен адамгершілік сезімін, адамгершілік ойлауы мен адамгершілік еркін тәрбиелеу құралы екені сөзсіз. Бұдан шығатын қорытынды автордың еңбек тақырыбына, оқу, өнерге ұмтылушылық, Отанын – елін сүюшілік, талаптылық, жігерлік, ізденімпаздық, кішіпейілділік, махаббат, қайырымдылық, адамгершілік, жинақтылық, тағы басқа осылар тәрізді жақсы мінез-құлққа тәрбиелеуге керекті мәселелерді қамтиды. Бұл ұлттық құндылықты қалыптастырудың негізі болып табылады, - деген тұжырым жасаймыз.

А.Байтұрсынов мінез іштен туады: бірақ шынығып жетпей тұрғанда мінез түрін тәрбиемен өзгертуге болады. Адамға тәрбие беруші әуелі ата-ана, сонан соң ұсақ, мектеп, тұрмысындағы төңірек. Өмірінде қандай тұрмыс көрсе, нендей адамдармен

кездесе, жолдас болса, істес болса солардан өнеге көріп, үлгі алмақ. Өнер, ғылым бар жұрттар, адамдар тәрбиені ата-анадан да, төңірегінен де, мектептен де, әдебиеттен де алады. Сөйтіп, адам мінезіне оң беретін үй іші, мектеп, төңірек болып шығады. Бұлардың өзі де, адамдар түрлі болып туғандықтан, түрлі болады. Сондықтан олардан тәрбие алған адамдар да түрлі мінезді, түрлі құлықты болмақ. Ұлттық құндылықтың отбасынан басталатынын ескерсек, оны мектеп, қоршаған орта сияқты құндылықтарға ұштастыру қажеттігін көрсеткенін көруге болады. Автор отаншылдыққа тәрбиелеудің негізі саналатын отбасы, отбасылық туыстық қатынас және Отаны, туған жерімен байланыстыра қарастырған. Туған елді өркендету мәселелерін шешу үшін ең алдымен білім беру саласына басымдық беру қажеттігін көреміз. ынсыз шұбарлануының қандайына болса, да қарсы тұруы тиіс.

А.Сейдімбек «Қазақтың шежірешілдігін, дәлірек айтсақ, қазақтың тарихшылдығын ұлттық қасиет деуге болады» деп атап көрсеткендей «қазақ халқының шежірешілдігін, тарихи санасының сергектігін, ең алдымен, оның ұзақ ғасырлар аясында көшпелі өмір салтында болуымен» сабақтастырған жөн. «...көшпелілер қоғамы үшін ғасырлар сынынан өткен салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпының сол қоғам өмірін реттеуде, үйлестіруде ұлы міндет атқарғандығы. Түптеп келгенде, кез-келген қоғамның, кез-келген ұлттың мәдени-рухани өресі салт-дәстүрдің, әдет-ғұрыптың орнықтылығымен өлшенуге тиіс». Ұлттық құндылықтың негізі болып саналатын ұлттық рухты дәріптеуді бастауыш сыныптардан бастап сабақта және сабақтан тыс тәрбие жұмыстарының өзегіне айналдыру қажет. Сондықтан да бүгінгі бастауыш сынып оқушыларына ұлттық тарихтан сыр шертетін тәрбиелік мәні іс-шаралардың маңызыдылығын ескере отырып, кіші мектеп жасынан бастап іске асыру қажет, - деп санаймыз.

Т.Ғ.Ғабитов бойынша, құндылықтар – қасиеттер ... бала кезден, анасүтімен бірге, өзінің ана тілі арқылы, мораль негіздері ретінде, өз тарихын, мәдениетін, әдет ғұрыптары мен салт дәстүрлерін игеру нәтижесінде орнығады. Қасиеттер – адам бойына моральдық жауапкершіліктер жүктейді, сезімін айқындай түседі. Құндылықтар әлемі аданың рухани әрекетінің саласы, тұлғаны рухани байлығы өлшемін білдіретін, оның адамгершілік санасының, басым саласы. Құндылықтар адам болмысының әртүрлі формаларына деген қатынасты білдіретін адамзат мәдениеті болып табылады. Құндылықтар – өмірге, еңбекке, шығармашылыққа, адамгершілік насихаттарға, адам өмірінің мәніне деген бағалаушы қатынас,- болып табылады. Автордың пікірін қорытындылайтын болсақ, құндылықтар рухани және материалдық қажеттіліктерді өтейтін әрекеттерден тұратынын ескерсек, әрине ұлттық құндылық ана сүтімен келетін қасиет, өзінің кім екенін білу, ұлттың мәдениеті, салт-дәстүрді білумен қатар, өмірде соны пайдалануы, яғни тіршілік көзіне айналдыруда отансүйгіштігін дәлелдеуі болып табылады.

Ә.Алдамұратов оқушының дамуы әлеуметтік психологиялық сипатта көрінетіндігін айта келе, оқушының мінез-құлқы іс-әрекеттің кез келген түрінде әртүрлі екендігін айтқан. Бұдан тәрбие жұмысын ұйымдастыру арқылы оқушының оң мінез-құлқын, ұлттық құндылық сапаларын игеруге мүмкіндік туғызып, тұлғаны қалыптастырады болады,- деп санаймыз.

Н.Қ.Тоқсанбаева психологияда интерпретация әдісі мен сыналушының мінез-құлқын түсіну аса маңызды. Түсіну үдерісі – бір жағынан өлшеу үрдісіне қарама-қарсы келеді. Өлшеу барысында біз зерттеу нәтижелерін барынша нақтылауға тырысамыз, ал түсінуді қолданғанда, керісінше, сыналушының мінез-құлқын субъективті түрде түсіндіреміз. Біздің зерттеу жұмысыз үшін оқушыда ұлттық құндылықты қалыптастыру кезеңінде мінез-құлық негізін де басшылыққа алу қажет, - деп ойлаймыз.

Сонымен қатар, халқымыздың табиғатпен етене туыстығы, оны аялай білетіндігі тіпті бесік жырында айтылатын ананың әлдиімен құлаққа әбден сіңіп қалғандығын «көлге біткен құрағым», «аспандағы жұлдызым», «маңдайдағы құндызым» деген табиғи теңеулерден анық көрінеді. «Өркенің өссін, көсегең көгерсін» деген ақ тілекті сөздер де өсімдік әлемімен тікелей үндесіп жатыр. «Бұтақты сындырма», «гүлді үзбе» деген сөздер де бала санасына жас кезінен сіңіріп өседі. Ертедегі табиғат жайлы нақыл сөздер, өнегелі өсиеттер, жырау мен ақын жырындағы ойлы пікірлер экологиялық тәрбие беруде өте құнды құрал болып саналады. Ертеден қалған өсиет сөздерде «көзінді қалдыр-бұлақ көзін аша жүр, ізінді қалдыр, жақсы істен мұра шаша жүр, өзінді қалдыр-бақша өсіріп жаса нұр» деген сөздерінде өмірдегі өзіннен кейінгі ұрпағыңа өлмейтін мұра қалдыр деген түйін айтады. Сонда «сенің қолына көзін ашқан бұлағың, жақсы істерің – шырағың, ал жасыл орман – құнарың болмақ» деп халық артына өсиет қалдырған.

Ұлттық құндылықты салт-дәстүр, әдет-ғұрыпты дәріптеп оқыту арқылы оқушының бойына күнделікті өмір тұрғысындағы тәрбие нақыштарының сан белесінен хабардар етеміз. Сол дәстүр нақыштарымен, әдет-ғұрыптардың бүгінгі таңдағы рөлін айқындай отырып, оқушылардың халық үрдістеріне, ұлттық құндылыққа деген сүйіспеншілігін оятуды мақсат етуді негіздеу.

Білім берудегі мобильді технологиялар білім алушылардың ақпаратқа қол жеткізуін және мобильді білім беру орталарымен өзара іс-әрекетін оңтайландыратын, сондай-ақ олардың мобильді технологияларды білім алу, білім алмасу мақсаттарында пайдалануы арқасында кеңінен таралып отыр. Бүкіл әлемде мобильді телефондарды және мобильді қосымшаларды (приложение) білім беру мақсатында пайдалану үрдісі жылдан-жылға артып келеді. Себебі мобильді оқыту оқушылармен қатар мұғалімдерге кең мүмкіндік беретін жаңа технологиялық прогреске айналды. Әсіресе мұғалім оқушылармен бұл құрылғыларды ақпарат алмасу, сөздіктермен түрлі деректерді, ақпарат көздерін т.б.мәліметтерді іздеу үшін пайдаланады. Осыған байланысты біз қазіргі көз ілеспес қарқынмен өзгеріп отырған жаңа технологияларға бейімдеп, яғни мобильді оқыту арқылы оқушыларды ұлттық құндылыққа баулу мәселесін өзекті тақырып ретінде алып отырмыз.

Мобильді оқыту технологиясы 1968 жылы Америкада алғаш рет пайда болды. Алан Кей және Learning Research Group әріптестері Dynabook, оқытуға арналған компьютер құрастырып шығарды. Алан Кей оны «барлық жастағы балаларға арналған дербес компьютер» деп атады. Содан бері мобильді оқыту технологиясы ақпараттық технологиялармен қатар дамыды.

Мобильді оқыту саласындағы белгілі педагог, ғалым Дж. Тракслердің айтуынша, оқу процесінде пайдаланылатын мобильді құрылғылар оқу процесін ұйымдастырудың кез келген уақытта, орында мүмкіндіктерін кеңейтеді, түрлендіреді, сонымен қатар білімнің жаңа нысандарын дамытып, қалыптастырады, өзіндік мобильді оқыту менталитетін жасайды.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесіндегі мобильді оқытудың интеграциялануы оны (just-in-time) уақытылы, (just enough) жеткілікті және (just-for-me) жеке-даралық етеді. Бұл сипаттамалары дәстүрлі электронды (e-learning) және аралас білім беруден интерактивті, құрылымдылығымен ерекшеленетін мобильді оқытуды ажыратады.

Қазіргі таңда бастауыш сынып оқушыларының бойына ұлттық құндылықтарды мобилді қосымшалар арқылы қалыптастыру маңызды рөлге ие. Себебі, қазіргі таңда оқушыларды гаджетсіз елестету мүмкін емес.

Бастауыш сынып оқушыларына ұлттық құндылығымызды тереңінен түсіндіретін тапсырмалар жүйесін сол гаджеттерге жүктелген мобильді қосымшалар арқылы ұсынған дұрыс.

1. Мобильді Қосымшалар

Мобильді қосымша (ағылш. Mobile app) — бұл белгілі бір платформада орнатылған және белгілі бір функционалдылыққа ие планшеттер мен смартфондарға (iOS, Android, Windows Phone және т.б.) арналған әзірленген бағдарлама. Қарапайым сөзбен айтқанда, ол белгілі бір әрекеттерді орындайды және берілген мәселелерді шешуге арналған құрал. Мобильді қосымша - бұл функционалдығы мен дизайны мобильді платформалардың мүмкіндіктерімен реттелген бағдарламалық пакет.

Алғашқы мобильді қосымшалар күнтізбелер, калькуляторлар және Javaда жасалған ойындар екенін білеміз. Әлемдегі алғашқы смартфон IBM 1993 жылы шығарған. Оның байланыс кітабы, күнтізбе, әлемдік уақыт және калькулятор сияқты мүмкіндіктері болды.

Бірнеше жылдан кейін, 2002 жылы келесі BlackBerry смартфон шығарылды. Бұл Motion Limited Research (RIM) деп аталатын қарапайым BlackBerry Limited компаниясының қалдырған Мобильді қосымшалар саласындағы басты жетістіктердің бірі болды. Олардың жұмысы wireless email деп аталатын тұжырымдаманы біріктіруге әкелді.

1.1. Мобильді қосымшалардың түрлері

1.1.1. Нативті Қосымшалар

Бұл қосымшалардың ең көп таралған түрі. Олар Android, Windows Phone және iOS сияқты операциялық жүйелер үшін бағдарламалау тілдері негізінде құрылады. Осы қолданбалардың арқасында GPS, бейнекамералар немесе жылдамдату датчиктері функционалын толық пайдалануға болады.

Нативті қосымшалардың басты артықшылығы интернетке қосылу қажеттілігінсіз автономды жұмыс істеу мүмкіндігі болып табылады. Мұндай түрдегі қосымшалар Play Market, AppStore және басқа қосымшалар дүкендері арқылы таратылады. Сондай-ақ түрлі электронды кітапханалар нативтік қосымшалар бола алады.

1.1.2. Веб-Қосымшалар мен Сайттың Мобильді Нұсқасы

Қосымшалардың бұл түрі мобильді құрылғыда жұмыс істеу үшін WEB технологиясын пайдаланады. Мұндай қосымшалардың басты және сөзсіз артықшылығы платформалардың барлық типтеріне бірыңғай құру мүмкіндігі болып табылады. Сондай-ақ, сайттың мобильді нұсқасы салмақты артықшылығы бар-кроссплатформа. Алайда, мұндай қолданбалар смартфондағы камера немесе геолокация функциясын пайдалануға мүмкіндік бермейтінін, сондай-ақ оларды қолданбалар дүкенінен жүктеу мүмкін еместігін атап өткен жөн.

1.1.3. Гибридті Қосымшалар

Android-та бағдарламалау гибридті қосымшаларсыз жұмыс істей алмайды. Олар-біріктірілген нативті және веб-қосымшалар.

Гибридті қосымшалардың басты артықшылықтары web-технологиялардағы кроссплатформ және смартфонның немесе басқа мобильді құрылғының функцияларына қол жеткізу мүмкіндігі болып табылады. IOS гибридті типті қосымшаларды әзірлеу басқа түрдегі қосымшаларды әзірлеуден әлдеқайда қымбат. Көптеген танымал әлеуметтік желілер онлайн дүкеннен тегін жүктеуге болатын гибридті қолданбаларға ие.

1.2. Мобильді Қосымшаның Жұмыс Жасау Принципі

Мобильді қосымшаны екі үлкен блокқа бөлуге болады – бұл алдыңғы және артқы жағы. Тиісінше, front-end бөлігі пайдаланушы өзара әрекеттесетін бағдарламаның компоненттері мен опцияларын қамтиды. Мысалы, таңдау тақтасы, бақылау тақтасы, опция параметрлері және т.б. Back-end-бұл жасырын бөлік, "артқы жағы". Әзірлеуші серверлік бағдарламалық жасақтама арқылы осы компоненттермен өзара әрекеттеседі.

Басқаша айтқанда, мобильді қосымша сплит-жүйеге ұқсайды, оның бір бөлігі пайдаланушы жағында – front-end, ал екіншісі әзірлеуші жағында – back-end. Мобильді желі қолданушылары Google Play және App Store дүкендерінен қажетті қосымшаларды жүктей алады.

1.3. Мобильді Қосымшалардың Санаттары

Бағдарламалар, оқиғалар, қызмет бағдарламалары, ойын-сауық қосымшалары, интернет-дүкендер, бизнес-қосымшалар, контенттік қолданбалар, қарым-қатынас қосымшалары, жүйелік қосымшалар және т. б.

1.4. Мобильді Қосымшалар Рейтингі

2012 жылдың 6 наурызында Google компанияның барлық ұялы дүкендерін біріктірген Google Play-дің іске қосылғанын жариялады. Бірнеше жыл өтті және осы уақыт ішінде Google Play жүктеу саны қатты өсті. Google Play-де көптеген пайдалы және пайдасыз қосымшаларды табуға болады. Дүкенде ақылы және тегін бағдарламалар бар. Қазір Google Play Android үшін 3 миллион қолданба бар. 145-тен астам елдің пайдаланушылары қосымшаны сатып ала алады.

Cisco AppDynamics Мобильді қосымшаларды тұтынушының өсуін көрсететін App Attention Index есебін жариялады – бұл 2020 жылмен салыстырғанда 2021 жылы 30% - ға өсті. Пайдаланушылардың Мобильді қосымшаларды таңдаудағы үлес көрсеткіші осындай болды.

App Annie аналитикалық компаниясы Google Play жұмыс істеген барлық уақыт ішінде деректерді зерделеп, қандай қосымшалар ең танымал болғанын анықтады. Мәселен, Google жұмыс істеген уақытта ең көп жүктеу келесі қосымшаларда болды: Фейсбук, whatsapp, Facebook Мессенджері, Instagram, Clean Master, Skype, LINE, Viber, Twitter.

Сарапшылардың пікірінше, тұтынушылар бірнеше қызметтерді біріктіретін қосымшаларға көбірек мұқтаж. Оларға музыка тыңдау, бейнелерді көру, достарымен сөйлесу және жаңалықтарды бір қолданбада пайдалану бірнеше қосымшаларға ауысып отырғаннан гөрі оңайырақ. Сондықтан нарықта агрегаторлық қосымшаларға баса назар аударылады. Мысалы, MENRUS, ол жаңалықтар қызметін, музыканы, оқиғаларды, мессенджерді біріктіреді және үнемі дамып отырады. Болашақта мұндай қосымшалар көбейетіні анық.

Қосымшаның мобильді сайттан айырмашылығы неде? Бүгінгі таңда мобильді қосымша - бұл гаджеттердің функционалдығы үшін арнайы жасалған бағдарламалық жасақтама. Бағдарламалық жасақтаманың мақсаты әртүрлі болуы мүмкін: қызметтер, Дүкендер, ойын-сауық, онлайн көмекшілер және басқалар. Бұл қосымшаларды пайдаланушы мобильді базарлар арқылы жүктеп, орнатады. Ең үлкен сайттар - AppStore, Google Play. Техникалық тұрғыдан алғанда, барлық қосымшалар мобильді гаджеттің белгілі бір платформасы үшін жасалады. Ең танымал операциялық жүйелер - iOS, Android, Windows Phone.

Көбінесе пайдаланушылар смартфон, планшет немесе басқа гаджеттегі мобильді сайт пен қосымшаның функционалдық айырмашылықтарын шатастырады. Сондай-ақ, стартаптар және тіпті қазірдің өзінде танымал дайын сайтты мобильді дисплей бар кезде телефонға арналған жеке бағдарламалық жасақтаманы әзірлеу үшін не үшін ақы

төлеу керектігін түсінбейді. Бейімделген сайт пен қосымшаның негізгі айырмашылықтары мен функционалдық ерекшеліктерін ұсынайық. Сайттың мобильді нұсқасы - смартфон дисплейінде қарағанға оңай, қайта өңделген және кейбір нұсқаларда өзіндік веб-беттер дизайны мен мазмұны бар болып келеді. Мобильді нұсқаны жасаудың ең оңай жолы - компьютерге арналған негізгі сайттың көшірмесін жасау және оны мобильді қосымшаға бейімдеуге тырысу. Мобильді нұсқаны жасау ең тиімді нұсқа - сайтты толығымен «сұрыптау» және сенсорлық экран арқылы пайдаланушыға ыңғайлы болатын жаңа дизайн жасау.

Сайттың негізгі артықшылықтары – әзірлеудегі минималды шығындар (іс жүзінде смартфондарға арналған нұсқа негізгі сайттан «өту үшін» жасалады), кросс-платформа, жылдам жаңартулар.

Бір маңызды кемшілік бейімделген сайт пен пайдаланушы арасындағы тәжірибенің төмендігі. Қосымшаның бірнеше негізгі артықшылықтар:

- бағдарлама интерфейсі мобильді құрылғыда сенсорлық экран немесе түймелер арқылы жұмыс істеу үшін арнайы жасалған;
- гаджет пайдаланушылары үшін ыңғайлы және түсінікті навигация, мобильді мәзір;
- хабарламалар, басу хабарландырулары, еске салғыштар арқылы ең жақсы пайдаланушы тәжірибесі. қолданба тіпті фондық режимде де функцияларды орындай алады.
- бағдарламамен жұмыс істеу үшін браузерді ашудың қажеті жоқ және көптеген қолданбалар интернет өшірілген кезде бірқатар мүмкіндіктер сақталады;
- пайдаланушының жеке деректерін сақтау. бұл мүмкіндік қолданбаларды жекелендіру мүмкіндіктерін кеңейтеді. мысалы, үйге такси шақырады (тіркеу), дәрігердің қабылдауына жазылады және басқа да артықшылықтар;
- компаниямен, қызметпен икемді кері байланыс;
- көбірек ресурстарды пайдалануға болады. мысалы, геолокацияны қосып, машинаны қаланың кез келген жеріне шақырыңыз;
- қолданбалар адамның биологиялық ритмін ескеріп, режимді ұстану қажеттілігі туралы ескертуі мүмкін.

Шындығында, мобильді қосымшалардың функционалдығы бейімделген сайттардан әлдеқашан асып түсті. Бүгінгі таңда кез-келген тұтынушы смартфонға әртүрлі бағдарламаларды (бизнеске, оқуға арналған), еске салғыш опциялары бар ұйымдастырушыларды, ойын-сауық мазмұнын, түрлі сервистік қызметтерді жүктеп, орната алады.

Оқыту процесінде кездесетін мәселелер мен оны тиімді шешудегі Мобильді қосымшалардың мүмкіндіктері мен жетістіктерін 1– кестедегідей бөліп көрсетуге болады.

Кесте 1: Мобильді қосымшалардың мүмкіндіктері мен жетістіктері

	Оқыту процесінде кездесетін қиындықтар	Мобильді қосымшалардың мүмкіндіктері оқыту тиімділігін арттыру мүмкіндіктері	Мобильді қосымшаларды пайдаланудағы жетістіктер
	2	3	4
	Объективті күрделі материалдарды оқыту	Оқу материалын бөлшектеп ұсыну	Оқушылардың оқу материалына қызығушылығы артады

	Түсінік-ұғымдардың абстрактылығы, жалпылау, салыстыру, орнықтыру қажеттілігі	Нақты ұғым қалыптастыру, салыстыру, жалпылау кезіндегі иллюстрациялау	Нақтыдан абстракцияға, жекеден жалпыға ауысу жеңілдігі
	Эксперимент жасаудың күрделілігі	Зертханалық дәрісханаларда өткізуге мүмкін емес тәжірибе-лерді демонстрациялау	Зертханалардағы құрал-жабдықтардың жеткіліксіздік мәселесін біршама шешу
	Құбылыс, процестер механизмін динамикада көрсету	Құбылыстар мен процестерді модельдеу, динамикада көрсету	Құбылыстар мен процестердің табиғатын ашып көрсету
	Тез немесе жай өтетін процестерді оқыту	Бейнепроекциялық құрылғылар көмегімен табиғаттағы процестердің жүруін бақылау	Құбылыстар мен процестерді оқыту кезінде уақытты тиімді пайдалану
	Объектінің көрінбейтін бөлігінде өтетін микропроцестерді бақылау, түсіндіру	Коммуникациялық құрылғылар, Web-камералар мүмкіндіктерін пайдалану	Бақылау кеңістігінің шекарасын үлкейту
	Негізгі заңдылықтар мен құбылыстарды техникада қолданудың көпсалалығы	Табиғаттағы заңдылықтардың техникада қолданылу аясымен танысу	Заңдылықтар мен құбылыстардың сипатын бейнематериалдармен түсіндіру

Мобильді қосымшаларды оқушының тиімді пайдалануы, алдымен оның арнайы ақпараттық біліктілігінің жеткілікті деңгейде болуына байланысты. Яғни, Интернет-ресурстан қажетті қосымшаны іздеп, іріктеп алып, өзінің нақты дидактикалық мәселелерін сауатты шешуі, бастауыш сынып оқушысының ақпараттық біліктілігін көрсетеді.

Қазіргі кезде мобильді қосымшаларды енгізу оқушылардың мүмкіндіктері мен талаптарын гаджет пен компьютер арқылы жүзеге асыруды жылдамдатып болашаққа қарай екпінді қадам жасатып отыр. Ол үшін бүгінгі күні сабақ берудің жаңа тәсілдерін жасау бағытында жақсы жұмыс істеу қажет, олар оқушылардың білім деңгейін, шығармашылық қабілеттерін арттырып, компьютер мен гаджеттерді де тез игеруге жағдай жасап отыр.

Қорытындылай келе, тек мәдени кодты сақтай отырып қана (тіл, руханилық, салт-дәстүрлер) уақыттың сын-қатерлеріне жауап қайтара аламыз. «Егер ұлт өзінің мәдени кодын жоғалтса, онда ол ұлттың өзі де жойылады». Тек тағылымды тарих, ата-бабалар даңқы ғана қазіргі уақыт қиындықтарын жеңуге мүмкіндік береді», - деген құнды пікір ата салтымызды сақтауға, ұлттық құндылығымызды дәріштеуге, туған жер мен ел алдындағы парызымызды ақтауға шақырады.

ӘДЕБИЕТТЕР

Аймауытов, Ж. Тәрбиеге жетекші. - Қызылорда, 1924. - 156 б.
Алдамұратов, Ә. Психология. - Алматы, 2001. - 354 б.

- Алтынсарин, Ы. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. Құрастырған: Ш.Ахметов. - Алматы, 1989. - 85 б.
- Әмірова, Б.Ә. Этнопсихология: Оқу құралы / Б.Ә. Әмірова .- Қарағанды: ЖК "Ақ Нұр", 2012.- 260 б.
- Әуезов, М. – Алматы: Көркем әдебиет, 1957. – 368б.
- Бапаева, М.Қ. Тұлға психологиясы [Текст] : оқулық / М. Қ. Бапаева, И. Ә. Әбеуова, С. Т. Бапаева. - Алматы : НұрлыӘлем, 2010. - 192 бет.
- Дулатов, М. Шығармалары. - Алматы, 2001. - 13 б.
- Ерментаева, А. Жоғары мектеп психологиясы. Алматы: Дәуір, 2012. — 496 б.
- Жақыпов, С.М. Жалпы психологияға кіріспе. Қазақ университеті, Алматы, 2007. - 230 б.
- Жарықбаев, Қ. Психология. - Алматы, 1993. - 230 б.
- Жұмабаев, М. Шығармалары. - Алматы, 1989. - 15 б.
- Кәкішев, С. А.Байтұрсынов туралы. - Алматы, 1992. - 220 б.
- Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» Ата заңы.
ҚР Білім туралы Заңы. 27.07.2007, №319-III//<http://online.zakon.kz/> 24.08.22.
- Құнанбаев, А. Шығармаларының екі томдық толы жинағы /Жауапты ред.
Момышұлы, Б. Қанмен жазылған кітап.-Алматы: Жазушы , 1990
- Мұқанов, М. Жас және педагогикалық психология. - Алматы, 1982. -247 б.
- Темірбеков, А. Оқушылардың кеңестік патриотизм сезімін тәрбиелеудің кейбір мәселелері. Дисс. ... канд. пед. наук - Алматы, 1998. - 119 б.
- Тоқсанбаева, Н.Қ. Психологиялық диагностика: әдістемелік құрал-Алматы: «Қазақ университеті», 2015.- 172 б.
- Уәлиханов, Ш. Уәлиханов еңбектері. - Алматы, 1979. - 69 б.
- «ҚР Тіл туралы» заңы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151_
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z060000207_

